



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№40 (948) Сәрсенбі 8 қазан 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесін жаңғырту, көлеңкелі экономиканы төмендету шаралары талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Отырыстан кейін осы және өзге де мәселелер бойынша сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Жылдың аяқталуына аз уақыт қалды. Тиісті шаралар қабылданып, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру саласының негізгі нысаналы индикаторлары толық орындалуы керек. Арнайы санаттағы азаматтарды жұмыспен қамту, сақтандыру, жалпы әлеуметтендіру өте маңызды. Президентіміз экономикаға қауіп төндіріп, залал келтіретіндердің жолын кесу шараларын үздіксіз жүргізуді тапсырғаны белгілі. Жоспарланған жұмыс көлемінің нақты орындалуы, бюджет қаржысының мақсатты пайдаланылуы бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының, мемлекеттік кірістер, ішкі мемлекеттік аудит департаменттерінің ұдайы бақылауында болуы тиіс. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері қаржы бөлінгеннен бастап түпкілікті нәтижеге қол жеткізілгенге дейінгі іс-қимылдарды цифрландырып,

оның ашықтығын қамтамасыз етуі керек. Тұрақты мониторинг жүргізіліп, бюджет қаржысы мақсатты жұмсалуды қажет. Мемлекеттік кірістер департаменті Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, заңсыз айналымдардың алдын алу шараларын күшейтіп, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер көлемін арттырыңыздар. Жылу беру маусымының басталуына бір апта уақыт қалды. Өткен мәжілісте көмір қорын жасақтауды тапсырғанмын. Жылу беру маусымында қатты отын, көмір қорына қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Көмір жеткізу, қажетті қорды жасақтау жұмыстарын күшейтіңіздер.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3 800 пәтерді сатып алуға 58 млрд. 785 млн. теңге қаржы бөлінді. Жаңа тұрғын үйлердің сапасына қатысты да ешқандай мәселе болмауы тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 4500 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар:**
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.



ҚЫЗЫЛОРДАДА 11 МЫҢ ОРЫНДЫҚ ЖАҢА СТАДИОН АШЫЛДЫ

Қызылорданың сол жағалауында 11 мың көрерменге арналған жаңа стадионның ашылуы өтті. Салтанатты шара аясында футболдан ел Кубогының финалдық матчы ұйымдастырылды. Шараға Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров арнайы келді. Сондай-ақ, қоғам қайраткерлері мен мыңдаған футбол жанкүйері жиналды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

«Бүгін - Қазақстанның спорт тарихындағы айтулы күн. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен тұспа-тұс келді. Жанкүйерлер асыға күтетін спорт мерекесі отандық футбол тарихында алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Бұл - сырбойылықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтаным! Баршаңызды жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдірген Мемлекет басшымызға, Үкіметке барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Финалдық ойынды өткізуге бастамашы болып, ұйымдастырған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз. Бүгінгі ойынға жолдама алған командаларға сәттілік тілеймін! Қазақстан футболының данқы арта берсін!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров жаңа стадионның ашылуы ел футболы үшін маңызды екенін атап өтті.

«Құрметті қызылордалықтар және футбол жанкүйерлері! Сіздерді жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл - еліміздің футбол картасынан лайықты орын алатын заманауи арена. Қазақстан Кубогының финалы алғаш рет Сыр елінде өтіп отыр. Осы алаңда талай қызықты кездесулер



мен ұмытылмас ойындар өтеді деп сенемін. Бүгінгі финал сол табысты жолдың бастауы болсын!» – деді Марат Талғатұлы.

Жалпы ауданы 20 мың шаршы метрді құрайтын жаңа спорттық кешен заманауи халықаралық талаптарға сай салынған. Мұнда футбол алаңы ғана емес, олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары орналасқан. Сонымен қатар, нысанда дүкендер мен дәмханалар қарастырылған. Ғимараттың бірінші қабатында спорт залдары, футболшылардың

дайындық бөлмелері және сауықтыру орталықтары орналасқан. Екінші қабатта – әкімшілік бөлмелер, ал үшінші қабатта – ауқымды жиындарға арналған мәжіліс залы бар. Мүмкіндігі шектеулі спортшылардың жаттығуына да толық жағдай жасалған. Стадион УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендірілген. Жасыл алаң халықаралық стандарттарға сай жасанды төсенішпен жабықталған, заманауи жарықтандыру және дыбыс жүйелері орнатылған. Бұл өз кезегінде халықаралық деңгейдегі спорттық және мәдени шараларды жоғары сапада өткізуге мүмкіндік береді.

АУДАН ӘКІМІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Хорватия астанасы Загреб қаласында ересектер арасындағы грек-рим күресінен өткен Әлем чемпионатында көк туымызды көкке көтеріп, халқымызға тарихи алтын медаль сыйлаған Сыр өңірінің спортшысы Айдос Сұлтанғали мен бапкері Ғабиден Райымбекті қабылдап, жеңістерімен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Айдос Сұлтанғалиұлын ең алғашқылардың бірі болып Әлем чемпионы атанған жарқын жеңісімен құттықтап, «Ол – грек-рим күресінен осы ғасырдағы тұңғыш жеңімпаз. Балуандарымыздың жеңісті жолды жалғастыра беруіне тілектеспін!», – деген ақжарма тілегін жеткізген болатын. Ал, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы чемпионымызды арнайы қабылдап автокөлік кілтін, бапкері Ғабиден Райымбекұлына пәтер кілтін табыстаған болатын. Бүгін бізде қазылылықтар болып, чемпионға құрмет көрсетуді жалғастырып жатырмыз. Биыл өңір спортшылары үшін жеңісті де жеңісті жыл болып тұр десек қателеспейміз. Себебі еліміздің көк туын көкте желбіретіп байрақты бәсекелерге шыққан спортшыларымыз намысты қолдан бермей, жеңіске жетті.

Грек-рим күресінен Қазақстан Әлем чемпионатының алтын медалін соңғы рет 1999 жылы жеңіп алған (Мхитар Манукян (63 кг). Араға 26 жыл салып, елімізге аталған спорт түрінен XXI ғасырдың алғашқы алтын медалін алып келу ұлт жадында алтын әріппен жазылар ерлік. Осы жеңісті жалғастырып, алдағы Олимпиада ойындарында алтыннан алқа таға беруіңізге тілектеспіз, – деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Қабылдауда Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Қасқырбай Әлімбаев, ардагер спортшы Қуанған Бөкен, Айдос Сұлтанғалидың туыстарының атынан Ашықбай Тоғымов ақсақал сөз сөйлеп, чемпионның жеңісі барша қазақ жұртына ортақ жеңіс екенін айтып, жылы лебіздерін жеткізді.

Аудан әкімі спорт әлеміндегі биік белесті бағындырған Айдос Сұлтанғалиға 1 000 000 теңгенің және спортшының бапкері Ғабиден Райымбекұлына 400 000 мың теңгенің арнайы қаржылай сертификаттарын табыстап, барша Қазалы жұртшылығының атынан жеңісімен құттықтады. Сондай-ақ батырымызды әрдайым бабында болуы үшін мұндай

қолдаулар жалғаса беретіндігін жеткізді.

Басқосуда грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Ғабиден Райымбек пен грек-рим күресінен спорт шебері, Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының мүшесі, республикалық, халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, Әлем чемпионы Айдос Сұлтанғалиұлы барша қазылылықтардың көрсеткен құрметіне шынайы алғыстарын білдірді. Чемпионды қабылдау шарасының соңында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов ақ батасын беріп, алдағы уақытта да чемпионның Әлем шыңдарын бағындыра беруіне тілектестігін жеткізді.

Айта кетейік, бүгінде ауданда спорт саласын дамыту бағытында ауқымды жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыс атқарылды. Ауданымызда соңғы 3 жылда 3 спорт кешені мен спорттық алаңдар пайдалануға берілді, биыл тағы 3 нысан ел игілігіне табысталады.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ КЕМЕҢГЕРІ – ҰЛЫ ҰСТАЗ

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде ұйымдастырылған қызылордалық мұғалімдерді ұлықтау шарасы жоғары деңгейде өтті. Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов және облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов қатысты.

Қызылордалық ұстаздарды төл мерекесімен құттықтаған қала әкімінің орынбасары елдің болашағы үшін мұғалім мамандығының қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын тілге тиек етіп, саладағы жақсы жаңалықтар мен толымды тірліктерге тоқталды.

«Биылғы тамыз конференциясында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, Сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық – жай мамандық емес, бұл – ұлы миссия. Адам кандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады» - деген болатын. Әрине, біз де оқушы болып, ұстаздан тәлім - тәрбие алдық. Сондықтан баршамыз ұстаздарымызды қадір тұтып, қолдап отыру азаматтық борышымыз. Өздеріңіз жақсы білесіздер, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен өңіріміздің

білім саласында серпінді жобалар жүзеге асырылуда. Қаламыздың өзінде 5 бірдей «Келешек мектебі» пайдалануға берілді. Физика - математика бағытындағы мектеп алғашқы қарлығаштарын қабылдады. «Сыр жұлдыздары» шығармашылық - инновациялық академиясы жаңа мүмкіндіктер алаңына айналды. «Оқушылар сарайы» озаттар орталығы атанды. Мұнан бөлек, спортты жанына серік етер балаларымызға арналып «Үстел теннисі» орталығы ашылды. Қазір «Қызылорда Арена» дене шынықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Осындай игі бастамалар жас ұрпақтың болашағы үшін жасалуда. Жасалған қолдаулар мен ұстаздардың тынымсыз еңбектерінің нәтижесінде оқушыларымыз жетістіктер қоржынын толтырып, мерейімізді тасытуда. Бүгінде шәкірттеріміз түрлі байқауларға қатысып, халықаралық, республикалық зияткерлік сайыстарда, олимпиадаларда топ жарып келеді. Кешегі ұлттық бірінғай тестілуде

Сыр өңірінің өрендері ұтқан грант санымен алдыңғы қатарға шықты. Ұстаздарымыз болса мемлекеттік марапат - «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталуда. Міне, мұның барлығы – қызылордалық мұғалімдердің жоғары кәсіби шеберлігі, соның нәтижесіндегі зор табыстар екені сөзсіз», - деген қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов барша ұстаздар қауымына толағай табыс тіледі.

Мерекелік шарада ардагер-ұстаздарға Оқу ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Құрмет» грамотасы, облыс әкімі және қала әкімінің, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы, «Алғыс» хаттары, үздік 10 педагогке 150 мың теңгенің сертификаты табысталды. Ақ тілек-құттықтаулар ыстық ықыластың барлығы да бұл күні ұстаздар қауымының құрметіне арналды. Оқушылар ән жырдан, биден шашу шашып, мереке сәнін аша түсті. Қазақтың аяулы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын - ұстаздық» деген ұлағатты сөзі ешқашан құнын жоймақ емес.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-САРАПШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТУДЕ



Қызылорда қаласында ел тарихындағы екі маңызды белес — Қызылорданың астана болғанына 100 жыл және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Дәуірлер тоғысындағы Сыр өңірі: тарих және тағылым» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өз жұмысын бастады. Конференциясы аясында республикалық ғылыми-сарапшылық кеңестің отырысы өтуде. Отырысты республикалық ғылыми-сарапшылық топтың мүшесі Майнура Бөрібаева жүргізді.

Кеңес жұмысына ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Ғылыми-сарапшылық кеңестің төрағасы Айгүл

Сәдуақасова қатысып, мазмұнды баяндама жасады.

Өз сөзінде ол жастарды этносаралық қатынастар саласына белсенді тарту, жаңа цифрлық ортада сарапшылық қызметті жандандыру және жас ғалымдардың ғылыми кеңес жұмысына қосылуының маңызын атап өтті. Сонымен қатар этнодемографиялық және этнодинамикалық үрдістерді зерттеу, ғылыми жобалар арқылы қоғамдағы келісім мен бірлікті нығайту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Айгүл Кәкімбекқызы кеңестің ұлт қалыптастыру ісіндегі ғылыми негізге сүйенген бастамалары мен қоғам дамуына қосып келе жатқан үлесін ерекше атап өтіп, бұл бағыттағы жүйелі жұмыстардың жалғасын табатынын жеткізді.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жаңғырту» және «Көлеңкелі экономиканы төмендету шаралары туралы» мәселелер қаралды. Жиында көтерілген тақырыптар бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов алдағы міндеттерді пысықтады.

Көлеңкелі экономиканы төмендету – қаланың салықтық түсімдерін ұлғайту мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Шаһарда көлеңкелі экономиканы азайту мақсатында кәсіпкерлерді салықтан жалтаруға қарсы және заңсыз бизнестен қорғау шаралары жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылы 210 салық төлеушіден 2 125 жасырылған жұмысшы анықталып, бюджетке 511 млн. теңге қосымша

түсім түскен. Сонымен қатар, мақсатына сай пайдаланылмаған 25 жер пайдаланушыға салық мөлшерлемесі 20 есеге арттырылып, 22,3 млн. теңге бюджетке өндірілген.

«Біз кәсіпкерлік және басқа да жылжымайтын мүлік нысандарына қайта бағалау жүргізуді жалғастыруымыз керек. Сондықтан жұмыстарды шұғыл үйлестіріп, нысандарды толық түгендеп, қайта бағалау нәтижелерін салық базасына

енгізуді қамтамасыз ету қажет», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Қызылорда қаласы бойынша «Д» санатында МӘМС-ті төлемеген адам саны жыл басынан 13 997-ден 16 199 ға өскен. Ал, «Е» санаты бойынша 6 426 дан 6 680-ге артқан. Бұл бағытта тиісті бөлімдер және кент, ауылдық округ әкімдіктері бірлесіп, жыл соңына дейін «Д», «Е» санатындағы азаматтардың санын азайту бойынша жұмыстарды жүргізетін болады. Жиында күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, жылу беру жайы мен «Қала күнін» мерекелеудің жоспары талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

АҚЫН ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Қала іргесіндегі Жақыпбек Маханбетов ауылында біртуар ақын, қазақ поэзиясының шынайы шебері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Ибрагим Исаевты еске алуға арналған «Есімің сенің мәңгілік» атты мәдени іс-шара өтті.

Ұлтымыздың рухани кеңістігінде өзіндік үнімен, терең ойлы туындыларымен өшпес із қалдырған Ибрагим Исаев – өмірі мен өлеңін халқына арнаған ақын. Оның жырларынан туған жерге, елге деген махаббат, адалдық пен азаматтықтың нышанын көреміз. Ол тек ақын ғана емес, ұлт руханиятына үлес қосқан ірі тұлға болды.

Бүгінгі еске алу шарасы – оның рухына тағым, шығармашылығына құрмет, артында қалған асыл мұрасын болашаққа аманаттау. Мұра мәйегін дәуір көгінен даралаған, ұрпақ болашағына рухани дем берген, қазына кайнарын ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткізген,

жыр болмысын өмір мәйегіне айналдырған Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған еске алу кеші ақын өмірінен сыр шертетін бейнероликпен басталды. Шарада сөз алған қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов шаһардың ғасырлық мерейтойымен қатар келген бұл мәдени-рухани кештің мәні мен маңызына тоқталып, Алаштан ат оздырған ардақты ақынның өшпес мұрасы ел жадында жанғыра беретінін айтты. Сонымен қатар, шара аясында өңірдің дамуына үлес қосып жүрген ауылдың бірқатар азаматтарына арнайы алғыс

хаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса, қоғам қайраткері, еңбек ардагері, ақынның досы Ибрагим Әбибуллаев сөз сөйлеп, ақынның азаматтық болмысын, шығармашылық әлеуетін тілге тиек етті. Алаштың анасы атанған Сырдың жағасында, бірлігі жарасқан, берекелі тіршіліктің мекені Ақсуат ауылдық округінде төл өнерімізді ту еткен ақын Ибрагим Исаевтың өміршең туындыларын қазақ өнерінің қайталанбас дарындары Жеңіс Сейдоллаұлы, Жеңіс Ысқакова, Сәкен Қалымов, Рүстембек Нұржігіттер орындап, ауыл жұртшылығына мәдени-рухани азық сыйлады. Сондай-ақ, шара аясында түрлі көрмелер жасалып, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды.

Қызылорда –

ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл мерейтойы және «Қала күні» мерекесіне орай «Қызылорда – жастар қаласы» атты фото көрме-сайысы өтті. Көрмеде қаланың сәулетті көріністері, жастардың рухы мен жігерін бейнелеген түрлі жанрдағы суреттер көпшілік назарына ұсынылды.

Көрме кезінде 200-ге жуық жастардың қала күніне арналған жүрекжарды лебіздері жазылған «Тілек тактасы» қала әкімдігіне сыйға тартылды. Бұл шара Қызылорданың көркем бейнесін жанаша қырынан көрсетіп қана қоймай, жастардың өнерін, тілегін және отансүйгіш рухын айшықтады.





АУДАН ӘКІМІ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, мекеме-кәсіпорындардың жұмысымен танысты.

Аудан басшысы алдымен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен Мансап, Отбасын қолдау орталықтарына барды. Мекемелердің жай-күйімен танысқан Алмасбек Әбілқасымұлы бөлім басшысы мен орталықтардың директорларына ғимараттардың ішкі және сыртқы санитарлық тазалық жұмыстарын қолға алып, халыққа сапалы қызмет көрсету бағытында бірқатар нақты тапсырмалар берді. Мұнан кейін Әйтеке би кенттік Мәдениет үйіне барып, мәдени нысанды аралады. Алдағы уақытта ғимараттың бірқатар аумақтарына жөндеу

жұмыстарын жүргізіп, ондағы бос тұрған кабинеттерді тиімді жағынан пайдалану жөнінде салаға жауапты орынбасары мен мәдениет үйінің директорына тапсырмалар жүктеді.

Аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі әлеуметтік нысандарды аралау барысында Жалантөс Баһадүр атындағы орталық стадион мен аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі ғимаратында көрді. Бөлім басшысы Орысбек Жәмшейітовке орталық стадионға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу керектігін тапсырды.



ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Қызылорда қаласында Қазақстан Халық партиясының бастамасымен өткен республикалық «Еңбек адамы – 2025» байқауының жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталды.

Байқаудың негізгі мақсаты – еңбекті қоғамдағы ең жоғары құндылық ретінде насихаттау және жұмысшы мамандығы иелерінің ел дамуына қосқан үлесін дәріптеу. Жобаға барлық аудан және қаладан еңбек адамдары атсалысып, өздерінің кәсіби шеберлігін паш етті. Марапаттау рәсімінде облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов еңбек адамдарының қоғамдағы орны туралы ой бөліссе, ақын, Мәдениет қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы Шаһизада Әбдікәрімов олардың ел дамуы жолындағы роліне тоқталды.

Қазақстан Халық партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қайрат Ерназа-

ров жеңімпаздарға «Еңбек майданманы» медалін, сондай-ақ түрлі номинация иегерлеріне Алғыс хаттар табыстап, ізгі лебізін білдірді. Марапат алғандардың қатарында егіншілер, құрылысшылар, дәрігерлер, мұнайшылар және өз саласында үздік нәтиже көрсеткен өзге де еңбек адамдары бар.

Іс-шара аясында партия қатарына жаңадан қабылданған азаматтарға партиялық билеттер орны туралы ой бөліссе, ақын, Мәдениет қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы Шаһизада Әбдікәрімов олардың ел дамуы жолындағы роліне тоқталды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРНИР ӨТТІ

Алматы қаласында 1-4 қазан күндері Қазақстан мәнерлеп сырғанау одағы және «Денис Тен» қорының ұйымдастыруымен мәнерлеп сырғанаудың жасөспірімдер арасында халықаралық турнир өтті.

Биыл алтыншы мәрте ұйымдастырылған «Denis Ten Memorial Challenge» бәсекесінде қызылордалық талантты спортшы Артур Смағұлов үздік өнер көрсетіп, бас жүлдені жеңіп алды. Жалпы дәстүрге жалғасқан биылғы додаға 18 елдің үздік спортшылары бақ сынады. Олардың қатарында Қазақстан, Армения, Әзербайжан, Канада, Қытай, Финляндия, Грузия, Италия, Оңтүстік Корея, Швеция, АҚШ, Эстония, Испания және Германиядан келген мәнерлеп сырғанаушылар бар.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының Сырдария аудандық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны басшысы бос лауазымына орналасуға ашық конкурсы жариялайды:

Кәсіпорынның атауы: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының Сырдария аудандық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны».

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индексі 120600, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, И.Токтыбаев көшесі, №13.

Негізгі қызметі: тіркелген халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек және консультациялық – диагностикалық қызмет көрсету болып табылады.

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының Сырдария аудандық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері, дара басшылық негізінде бас дәрігер басқарады, ол жоғарғы денсаулық сақтау органымен тағайындалады.

Қызметтік міндеттері:

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады. Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес дербес шешеді. Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді, шарттар және өзге де мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, банктік шоттар ашады, Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын және жаза қолданады.

Белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді. Өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады, өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- жоғары медициналық білімнің (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы үшін – бейіні бойынша), «Денсаулық сақтауды ұйымдастыру» («Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті») мамандығы бойынша бірінші (жоғары) біліктілік санатының болуы немесе «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті», «Менеджмент» немесе «Медицина» (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған тұлғалар үшін) мамандығы бойынша магистратураның және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарында кемінде 3 жыл немесе денсаулық сақтау ұйымдарының басшылық лауазымдарында кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы; немесе жоғары экономикалық білімнің «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті», «Менеджмент» немесе «Медицина» (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған тұлғалар үшін) мамандығы бойынша магистратураның болуы және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарында кемінде 3 жыл немесе денсаулық сақтау ұйымдарының басшылық лауазымдарында кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, денсаулық сақтау мәселелеріне арналған нормативтік құқықтық актілерді, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, денсаулық сақтауды басқару жүйесі мен денсаулық сақтауды ұйымдастырудың теориялық негіздерін, халық үшін санитариялық ағартуды,

гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, адамның өмір сүру ортасының факторларын, денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметтерінің негіздерін, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүйесінің негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Сондай-ақ, мемлекеттік басқару органы бекіткен тиісті кәсіпорын басшысының біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулығының негізінде конкурсқа қатысушылардың кәсіби білімі анықталады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және аттестаттау ережесіне сәйкес өткізіледі.

Байқауға қатысқысы келген азаматтар Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
- 4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтан үзінді көшірме не еңбек өтілі растайтын басқа құжат;
- 5) денсаулығы туралы белгіленген нысандағы анықтама.

6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығы жоқ екендігі туралы анықтама.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі бекітілгеннен кейін Байқау кеңесі оларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде әңгімелесуге өткізеді. Әрбір кандидатпен әңгімелесу барысы техникалық жазба құралдары көмегімен белгіленеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап 2025 жылдың 8 қазаннан бастап 22 қазан аралығында қабылданады. Соңғы құжат тапсыру күні 22 қазан 2025 жыл сағат 17:00-ге дейін. Әңгімелесу өткізілетін мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, И.Токтыбаев көшесі, №13, Мәжіліс залы. Анықтама алу үшін телефон: 8-(72436)-21-4-37, E-mail: syrdarinskayacrb@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие вакантной должности руководителя коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Сырдарьинская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области

Наименование предприятия: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Сырдарьинская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области
Адрес: Республика Казахстан, Кызылординская область, пос. Теренозек, ул. Иса Токтыбаева 13.

Основная деятельность: Оказание первичной медико-санитарной и консультативно-диагностической помощи населению Сырдарьинского района

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Сырдарьинская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области на основе единоличия возглавляет главный врач, назначаемый высшестоящим органом здравоохранения в установленном порядке.

Функциональные обязанности:

Руководит производственной, хозяйственной и финансово-экономической деятельностью организации здравоохранения, несет всю полноту ответственности за принимаемые решения, сохранность и эффективное использование имущества, а также финансово-хозяйственные результаты его деятельности. Определяет политику, стратегию деятельности организации и механизм ее реализации. Обеспечивает внедрение новых и совершенствование существующих организационных форм и методов работы персонала, направленного на дальнейшее повышение эффективности и качества оказываемой диагностической, лечебной и профилактической помощи, повышение качества и конкурентоспособности оказываемых услуг, их соответствие государственным стандартам. Обеспечивает эффективное взаимодействие структурных подразделений организации, направляет их действия на развитие и совершенствование оказываемых медицинских услуг. Принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами,

рациональному использованию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных для жизни и здоровья условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе. На основе анализа деятельности организации и оценки показателей его работы принимает необходимые меры по улучшению форм и методов работы организации. Обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников. Координирует работу по изучению и оценке санитарно-эпидемиологических ситуаций, определяет приоритетные факторы

неблагоприятного воздействия на здоровье человека. Принимает действенные меры по улучшению санитарно-эпидемиологической ситуации. Организует оперативный и лабораторно-инструментальный контроль и надзор за проведением гигиенических и противоэпидемических мероприятий, за соблюдением санитарных правил и норм и гигиенических нормативов. Обеспечивает соблюдение законности в деятельности организации, в том числе в вопросах финансово-хозяйственного управления, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений. Осуществляет прием и увольнение работников. Заключает договоры, совершает сделки с физическими и юридическими лицами. Издает по вопросам своей компетенции распоряжения и приказы, обязательные для всех работников. Представляет организацию в государственных органах, организациях и суде. Обеспечивает выполнение медицинской этики, требований внутреннего трудового распорядка, технической эксплуатации приборов, оборудования и механизмов, соблюдение противопожарной безопасности и техники безопасности, санитарно-эпидемиологического режима. Обеспечивает своевременную отчетность организации.

Требования к участникам конкурса:

- наличие высшей/первой квалификации категории по специальности "Общественное здравоохранение"/"Менеджмент здравоохранения" или наличие второго высшего образования в сфере экономика/финансы и кредит/право/бизнес администрирование или наличие степени магистра по специальности "Общественное здравоохранение", "Менеджмент здравоохранения", "Менеджмент" или "Медицина" (для лиц, завершивших обучение в научно-педагогической магистратуре до 2011 года)/

- стаж работы на руководящих должностях в сфере здравоохранения не менее 3 лет;

- знание Конституции Республики Казахстан, «Гражданского кодекса» Республики Казахстан (Общая и Особенная части), Трудового кодекса Республики Казахстан, кодекса Республики Казахстан "О здоровье народа и системе здравоохранения", законы Республики Казахстан "О противодействии коррупции", "О языках в Республике Казахстан", Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О борьбе с коррупцией», Закона Республики Казахстан от 15 марта 2011 года «О государственном имуществе», нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в сфере деятельности данного предприятия.

Также определяются профессиональные знания участников конкурса на основании

квалификационных требований и должностной инструкции руководителя соответствующего предприятия, утвержденных органом государственного управления.

Граждане, желающие принять участие в конкурсе, представляют в КГП на ПХВ «Сырдарьинская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области следующие документы:

1. заявление об участии в конкурсе;
2. автобиографию, изложенную в произвольной форме;
3. копию документов об образовании;
4. копию трудовой книжки (при наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и увольнении с последнего места работы;
5. справку о состоянии здоровья по установленной форме (форма 086-е);
6. справка об отсутствии судимости из комитета Правовой статистике и специальным учетом Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

7. Резюме на государственном и русском языках.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы т.п.).

При наличии всех документов, а также соответствии лица требованиям комиссия принимает решение о допуске подавших документы лица к участию в конкурсе в течение 2 рабочих дней со дня окончания приема документов.

Кандидаты, допущенные к участию в конкурсе, проходят собеседование в течение 3 рабочих дней после окончания срока приема документов в Наблюдательный совет КГП на ПХВ «Сырдарьинская районная больница» по адресу: Республика Казахстан, Кызылординская область, пос. Теренозек, ул. Иса Токтыбаева 13.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней, с момента публикации данного объявления, с 08 октября по 22 октября 2025 года. Последний день приема документов 22 октября 2025 года до 17:00 часов.

Место проведения собеседования: Наблюдательный совет КГП на ПХВ «Сырдарьинская районная больница» по адресу: Республика Казахстан, Кызылординская область, пос. Теренозек, ул. Иса Токтыбаева 13.

Телефоны для справок: 8-(72436)-21-4-37, E-mail: syrdarinskayacrb@mail.ru

МӘМС АЯСЫНДА КАТАРАКТАНЫ ЕМДЕУ



9 қазан – Дүниежүзілік көру күні. Көру қабілетінің төмендеуінің ең кең таралған себептерінің бірі - катаракта. Бұл ауруды емдеу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қолжетімді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Николай Панкин көру қабілетінің нашарлауына байланысты емханаға жүтінген. 75 жастағы жүргізушіде катаракта анықталды. Көп бейінді облыстық ауруханада факоэмульсификация әдісімен ота жасалды.

- Ауруханаға алғаш рет түстім. Бұған дейін денсаулығым сыр берген жоқ. Көлік жүргізгенде көруім нашарлап, көзім бұлдырап кетті. Оң көзіме ота жасалды. Қазір анық көремін! Келесі айда сол көзіме ота жасалады. Осының бәрі МӘМС аясында тегін жүргізілді. Дәрігерлерге алғысым шексіз, – дейді Николай Панкин.

Облыстың бас офтальмологы Бағжан Өтепбергеновтің айтуынша, бұл ота бұлыңғырланған табиғи көз бұршағын мөлдір жасанды линзаға алмастыруға бағытталған. Ультрадыбыстық процедура ауыртпалықсыз және небәрі 10-15 минут уақыт алады.

- Факоэмульсификация тігіссіз және ұзақ оңалтуды қажет етпейді. Орташа есеппен мұндай отаның құны – шамамен 600 мың теңге. Бірақ МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтарға ол толықтай тегін. Көру қабілетін жылына кемінде бір рет тексеріп тұруды ұсынамыз. Әсіресе 40 жастан асқан азаматтар глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтен өтуі қажет, - деп атап өтті Бағжан Өтепбергенов.

АИТВ: ҚҰПИЯСЫН АШЫП, ЗИЯНСЫЗ ЕТУ

1980 жылдан бастап кездескен АИТВ инфекциясы,адамзатпен бірге ХХІ ғасырға қадам басты. АИТВ неліктен қауіпті ? АИТВ адамның имундық жасушалары-CD 4 жасушаларында «өмір сүреді » және көбейеді.Бұл организмнің басты «полицейлері»,біздің барлық қауіпті және бөгде зиянды заттардан , оның ішінде вирустар жаулап алған өзіміздің жасушаларымыздан да қорғайды. Басты бөле осында: жұқтырған бауырластарын шабуылдай отырып, имундық жасушалар өздері де жұқтырады, вирусқа керегі де сол. Бұл инфекциясымен күреспесе,шамамен 8-10 жылда вирус полицияжасушаларын көпшілігін бұзады. Нәтижесінде,организм микробтар мен зердердің алдында қорғансыз болады.Бұл жағдай жұқтырылған имундық тапшылық синдромы немесе ЖИТС (СПИД) аталады.

Аурудың симптомдары. Алдында АИТВ-инфекциясы қарапайым тұмауға ұқсайды. Науқастың дене қызуы көтеріліп,тамағы мен басы ауырады,бұлшық еттері мен буындары қақсайды.Кейде бөртпелер пайда болуы мүмкін. Шамамен,екінші аптада адамдардың көпшілігінде қолтық асты мен мойын лимфа түйіндері ұлғаяды-осы тұстарда вирустарды жұқтырған CD 4-жасушалары жиналады.Осы кезде ауру әсіресе,жұқпалы,себебі,қанда вирустар өте көп болады. Өзінді қалай тексеруге болады? Жалғыз тәсіл-талдау өткізу.Ең танымал тест-канның иммуноферменттік

анализі (ИФА).Ол үшін кез келген емханалардан тамырдан қан тапсыруы қажет. Жасалған талдауда вирус өзін емес, ағзаның вирусқа қарсы дайындалған антиденелерді анықтау арқылы нәтиже беріледі. Бұл үкім емес ! Қуанышқа қарай, АИТВ себептері туралы ештеңе білмеген және оны қалай емдеу қажеттігі ешкім түсінбеген уақыт өтті. Заманауи дәрілерді уақытылы қабылдап,талдау тапсырып, дәрігердің тағайындауын қадағалап отырса,сау адамдар секілді ұзақ және қуанышты өмір сүруге болады. Ең бастысы,дәрілерді күнделікті бір мезгілде ішу қажет,әйтпесе вирустар бақылаудан қайта шығып кетеді.Бұл-таблеткаларды өмір бойы ішу қажет деген сөз.

Корыта келе, АИТВ-зұлым,қатыгез және тірескен жау болғанымен,оны жеңуге болады.Дарынды ғалымдардың қажырлы еңбегіне сай,біз бұл вирустардың жасушаларымызға қалай енетіндігі біліп,оларды бақылауда ұстауды үйрендік. Бүгінде вирусқа қарсы емнің арқасында,АИТВ-ға шалдыққан адамдар отбасын қауіпсіз құра алады,серіктестері мен балаларына жұқтырмайды,ауруға шалдықпайды және қаласа ұрпақ өрбіте алады.

А.ОРАЗБАЕВА ,
АИТВ инфекциясының
алдын алу облыстық
орталықтың
Сырдария ауданындағы
психоәлеуметтік кеңес беру
кабинетінің дәргері

Хабарландыру

«Мұнайлы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 210440025687) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Маңғыстау облысы,Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 квартал, 30 құрылыс, 303 кабинет, тел.:46-61-92.

Объявление

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Мунайлинский районный отдел строительства, архитектуры и градостроительства» (БИН 210440025687), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Мангистауская область, Мунайлинский район, село Мангистау, квартал 14, строение 30, кабинет 303, тел.:46-61-92.

Хабарландыру

«Мұнайлы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 200140029111) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап -шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 орам, №30 мекен-жайы бойынша орналасқан Қоғамдық ұйымдар ғимаратында, 4 қабат. Тел: +77752033444

Объявление

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Мунайлинский районный отдел предпринимательства и сельского хозяйства» (200140029111 БИН), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу:

Мангистауская область, Мунайлинский район, село Мангистау, квартал 14, строение №30, 4 этаж. Тел: +77752033444

Хабарландыру

«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 070740007301) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап - шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 орам, №30 мекен-жайы бойынша орналасқан Қоғамдық ұйымдар ғимаратында, 4 қабат. Тел: +77754205197

Объявление

В связи с реорганизацией путем выделения Государственное учреждение «Мунайлинский районный отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» (070740007301БИН), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу. Мангистауская область, Мунайлинский район, село Мангистау, квартал 14, строение №30, 4 этаж. Тел: +77754205197

Таң ауылдық округі әкімінің
2025 жылғы “ 01 ” қазандағы
№32 өкіміне қосымша

Жалағаш ауданы әкімдігінің «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Таң ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Таң	Сейдахметов Қайрат Бегимович	Таң ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағат 15.00 ден 19.00-ге дейін	Таң ауылы, Сегізбай би көшесі №10	37-1-63
2	Жаңа қоныс	Сейдахметов Қайрат Бегимович	Таң ауылдық округі әкімі	Жұма сағат 15.00 ден 17.00 ге дейін	Жаңа қоныс елді мекені, Фельдшерлік бөлім	40-5-60



«Дәу әже»

Біз ауылданбыз. Ол өлкеде үлкеннің қадірі жоғары тұрады. Кішілер айтқанын тыңдайды. Құймақұлақтар айтқан әңгімелерін бойларына сіңіреді. Сөйтіп, өмір бақи рухани азық ретінде пайдаланып, қуаттанады. Шынымды айтсам, әже деп отырғаным – әкемнің әжесі. Біз шөбересіміз. Ол кісі ғасырға жуық ғұмыр сүрді. Бұрынғының кісілерінің сүйегі асыл ғой, шіркін! Тік жүріп, тік тұратын. Өте намысқой болатын.

Шын есімі – Хадидша. Анау-мынау қиыншылықты елемейтін. Қолынан бәрі келетін. Өзінің айтуынша, совхоздың каналын қазып, ауылға су әкеліпті. Өзі 1917 жылы Қазан төңкерісінің қарсаңында туыпты. Бәлкім, одан да әрі болар. Ол уақта қазіргідей туа салып, жеке куәлікті кім дайындап тұр дейсіз?! Өйтеуір сонымен не керек, қасиетті Түркістанда бойжетіпті. Өзірет Сұлтан кесенесінің манайында үйлері болыпты. Өкесі Атахан деген кісі наубайшы екен. Ал анасы Маржан болса теміржолда істепті. Сол жерде пойыз қағып, қайтыс болғанға ұқсайды. Отбасында екі қыз, бір ұлдан өзі ғана аман қалыпты. Патша өкіметінің озбырлығынан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі киелі діни, пәлсапалық, т.б. кітаптарды өртемек болғанда, аспанға құс болып ұшыпты деген аңыз-әпсанасын айтатын. Заманның қиын кездері оны отбасынан айырады. Сөйтіп, бір атадан жалғыз тұяқ қалады. 1921 жылғы аштықтың салқынын жиі еске алатын. Ең нәубетті жылдар оның бойжеткен шағына тап келеді. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық зобалаңын аса зор күйзеліспен айтатын. Тіпті шешелердің өз баласын өзі жеп қойған сәттерін байқағанын, одан соң тасбақаның адамды көрсе шыңғырып қашатынын әңгімелейтін. Бірақ мұның бәрі шарасыздықтан, амалсыздықтан жасалған қастық деп ұғындыратын. Ал Екінші дүниежүзілік соғыстың зары өзімше бір бөлек шежіре.

Қазақтың «үйінде қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» дейтіні бекер емес-ті. Сонда сонау ашаршылықты көріп, тұл жетім болғаны, одан біздің ағамыздың тоғызыншы әйелі болып 60 жастағы егде адамға тұрмысқа шығып, одан алты бала табуы, бағып-қағуы нағыз бейнеткорлық екен ғой. Бүгінде шамамызға шаң жұқса, шап ете қаламыз. Заман қай жағына ауған, ә-?! Біз әкеміздің әжесі болғандықтан үлкен екенін ескеріп «Дәу әже» деп кеткенбіз. Құдайға шүкір, осы күні үлкен әулетке айналдық. Менің таңғалғаным, бұрынғы кісілер мықтырақ, қайраттырақ келеді деген рас екен. Қанша сырқаттанса да, төсек-тартып ауырып қалған емес. Ақыл-есі бүгін күйінде дүние салды.

Баламыз ғой, өз ата-әжем жастау-тұғын. Олар Шиеліде тұратын. Анда-санда соларға барып келсем, «жарығым, өзін келіп үйдің іші жарқырап қалды ғой» дейтін. Өйтпесе, екі қарындасым бар ғой. Десе де, ер баланы ерекше көріп отыратын. Үнемі ер-азаматтың қадірлі екенін, олардың бойында ерекше тылсым “болатынын, әйел-азаматшалар қадірлеп құрметтен тұру қажеттігін әрдайым еске салушы еді. Мұның себебін кешегі отарлау кезеңінде, аштықта, Екінші дүниежүзілік соғыста елдімекенде ер кісілердің бәрі соғысқа аттанып, ел тізгіндейтін ерлердің ел басына күн туғанда етігімен су кешкендігін шежіре етіп еске алатын. Сондай ғажайып адам болатын.

Өлі есімде, менің 14 жасымда дүниеден озды. Соған шейін жалғыз ұл болып өстім. Әрқашан «Олжабайыма бір серік болмады-ау, болса есімін Серікбай қояр едім» деп ансаумен өтті. Мүмкін, әжемнің тілеуі болар, інім кейіндеу туды. Мың түбей! Бірақ өзінің жары да бір бала болғанын, кейіннен одан бес ұл, бір қыздың қалғанын мақтанышыпен еске алатын. Әкем анда-санда малшы ауылға барып-қайтса, оралғанда оны «Мұрадыла» деп құшақтап сүйіп, құлды кішкентай баладай жақсы көретін. Өйткені оның немерелерінің ішіндегі ең жақын тартатын, өзі тәрбиелеген баласы екен. Кісімен араласу, сынап алатын жерде сынау, шежірені айтқанда таңды таңға ұрып айтатыны да бар еді. Өзі тік мінез болатын. Онысы тағдыр қалыптастырған мінез болар, кім білсін?!

Дәстүр-салт, қазақшылық, ру-шежіре, сый-қәде, ескі әзіл-қалжың бәрі-бәрінің майын тамызатын. Есепке жүйрік-тұғын. Ал егер кейісе, өңменіннен өткізіп жіберетін. Көшеде бір шақырым жердегі кісіні көретін. Көзі өткір, өзі рухты еді. Дүние салардан бір апта бұрын сырқаттанды. Дәуәжемді атамдар Шиеліге әкелейін деп дайындалуда. Мен қимай жылап тұрмын. Қарындастарым да қымауда. Бізбен қоштасқандай болып, аман-сау, бұзық болмай, тәртіпті һәм тіл алғыш бала болып өсу керек екенімізді айтып, өсиет қалдырды. Үйімізден шығып бара жатқан сәті, әрең таяққа сүйеніп, үстінде қазақы қамзолы, көйлегі, басында ақжаулығы тағылған Дәуәжемнің осы бір көрінісі мәңгіге көз алдымда қалды. Мұны еш уақытта ұмытпаймын. Ол кісімен бірге тарих жылжып, тағдырдың тағы бір кемесі көшкендей болды. Сағнамыз, іздейміз. Осындай текті халықтың ұрпағы екенімізге марқамыз. Мұны біз ешқандай акын-жазушының кітабынан оқымадық. Бұл – біздің балалық шақта естіген естен кетпес шежіре еді. Біз соның бір парасын ғана шерттік...

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Русый Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №221
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https:// ret-gazeta.kz/